

Марат Қабанбайдан Қалған сұрақ: «Неге?»

31.08.2018



Көркем шығармалары көпке танымал, балаларға арнап жазатын санаулы қалам иелерінің ішінде есімі белгілі, бірнеше сыйлықтардың лауреаты атанған М.Қабанбаевтың «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» атты балаларға арналған повесі бар.

Осы повестегі көркем шығарманың негізгі көтеріп отырған мәселесін анықтап беретін, көркем шығарманың өзіндік позициясын белгілеп тұрған Ч.Дарвиннің пікірін (дәйексөзін) позициясы күшті мәтін бөлшегі деуге болады: «Жануарлардан адамзат баласының айырмашылығы ар-ожданы мен ұятында жатыр деген пікірді

толығынан қостаймын». Осы сөзде повестегі оқиғаның негізгі желісі, оқиғаның өрбуі ар мен ұятқа, адамның ожданына байланысты болатыны айқындалып-ақ қалады. Одан әрі оқиға қарапайым тіршіліктің суреттері болса да, адамды бірден өзіне тартып, үйіріп ала жөнелетін көріністерден құралады. Ал логикаға сыймайтын, қисынға көнбейтін мына фразалармен көркем шығарманың оқиғасы басталып кетеді: «Қасапхананы өртемек болғаны үшін А.Қайырсыновқа мектеп дирекциясы атынан алғыс жариялансын. НЕГЕ?». Зерттеуші үшін зерделеуге себеп болатын осы фразалардан және НЕГЕ деген сұраулық шылаудан мәтін басталды.



Ал Марат Қабанбаев мәтінді осы фразалармен бастай отырып, бір ғана «НЕГЕ?» деген сұрауды үлкен әріптермен жазып, мәтінге енгізбек кодын осы шылауға теліді, оның шешімін табуға жетелейді. Сондықтан М.Қабанбаев повесінің басында тұрған «НЕГЕ?» сұраулық шылауы – нақты осы мәтін үшін рефлектрлі сөз.

Көркем мәтіндегі сөздер көп ретте рефлектрлі болады. Рефлектрлік қасиет сөздің өшіңкі, көмескі мәнін айқындайды және осы мәнді жандандырып, қозғалысқа түсіреді, нақ осы рефлектрлік кейде тілдегі өлген, өшкен құбылысты тірілте алады, уәжсізді уәждендіреді. Мұндай сәттерде сөздің түпкі немесе этимологиялық мағынасының өзі басты рөл ойнай алмай қалады, себебі көркем мәтінде образды қолданыс алдыңғы кезекке шығарылады, ал образды қолданыстың семантикасы күшті, өйткені сөздің ішкі формасы тіріліп, жанданып, қозғалысқа түседі. Осы форма негізгі тірек образдардың сөз арқылы, сөздің көмегімен жандануына, мағыналық жақтан кеңеюіне түрткі болып, оқырманды тартудың амалына айналады. Аталған повестегі оқушыға қылмыстық әрекеті үшін неге алғыс жариялануы тиіс деген сауалдың жауабын іздеу, оны табу осы сөздің (неге? – сұраулық шылауының) ішкі мағыналық әлеуетін

арттырады. Яғни неге сөзі жай ғана сұраулық шылау қызметін атқарудан гөрі бұл контексте қызығушылық, ынтықтыру, іздеу, іздену, таңдану, шошыну, түсінбеушілік, таң қалушылық, т.б. мағыналардың жиынтық көрінісін беріп, концептуалданып, семантикалық жақтан әлеуеті күшті сөз санатына көшкен.

Кез келген мәтінде оның болмысын жеткізетін күшті позициялы құрылымдық элементтер болады. М.Қабанбаевтың аталған повесінде күшті позицияны әрбір тақырыпшадан соң берілетін қысқа резюме сынды қайырымдар иемденеді. Автор повестегі оқиғаны жүйелі түрде, бір-бірімен сабақтасып жатқан, бірінен бірі өрбитін оқиғалар желісін құрайтын он төрт тынысқа бөледі. Әр тыныстың астында қысқа ғана, төрт-бес сөйлемнен тұратын түсініктеме іспетті қайырым бар.

Мәселен: «Алғашқы тыныс» – тақырыпша. Тақырыпша астында осы тақырыпшаның қысқаша мазмұны баяндалады. Автор оны өзінің көздеген мақсатына жетуге жегіп, өз мүддесіне сай етіп бере алған. Мұндай қысқа қайырымдар бірнеше сөйлемнен тұрады және нақты бір тараушадағы болатын оқиғадан хабардар етеді, негізгі кейіпкерлерінің атын атап, таныстырады. Мысалы, «көкем, мамам, кептер және мен». Әрекет, қимыл, қозғалыс немесе мәтіндегі оқиға өрбуі неге я болмаса кімге байланысты болатынын көрсетеді және оны бала танымына сәйкес, бала тілімен жеткізеді: «Асан дегенде құйрығын жұлып беруге әзір төбеттің көркем суреттен хабарының аздығы анықталады», – дегенде, тосын тіркесім бір қарағанда, ерсілеу көрінгенмен, төбеттің балаға деген қарым-қатынасын баланың ойлауы арқылы білдіруге келгенде, дөп айтылған шебер қолданыс деуге болады. Оқиғаны не және кім өрбитетіні, қай бағытта өрбитіндігі бірден анықталып сала береді. Осыған жанаса жүріп отыратын тағы бір оқиға – «Тентек қасқа бұзау мен Арыстанның жекпе-жегі».

Оқиғаны баяндаушы баланың эрудициясын көрсетуде, баланың аузына сөз сала отыра өз эрудициясын танытуға келгенде Марат Қабанбаев шебердің шебері: «Кеңістік... аудан орталығы – мен туып-өскен материялар» сынды сөйлемдер қазақы қарапайым ұғымды (айталық, мен туып-өскен жер) ғылыми түсінікпен бере отырып, бала-оқырманды ойлануға жетелейді. Әрине, кеңістік пен материя сияқты физика-жағрапиялық өлшемді жайдан-жай

айтып отырған жоқ, оны бала танымымен қабыстырып беріп отыр. Марат қаламынан туындаған образдардың ғылымилығы үстем түсіп жататыны да, бейнелі суреттердің басқа ешкімге ұқсай бермейтіні де ол тудырған көркем мәтіндердің даралығының белгісі. Осы тұста айта кету керек, Марат – алдыңғы немесе кейінгі, яки тұстас әріптестеріне қарағанда ғылыми терминдерді көркем шығармаға шебер кіріктіруге барынша төселген жазушы. Ал бұл әдіс FTP заманында ақиқат дүниенің болмысын барынша шын жеткізу амалдарының бірі деуге болады. Кейде нақты терминнің өзін қолданбағанмен, ғылым тіліне жақын сөйлеу арқылы соны тіркесімдер шығарып алып отыру да – Марат қаламына тән. Бұл жерде тілдің заңдылықтарының бірі – кез келген сөздің өзінің лексика-семантикалық тобынан бөлініп те қолданыла беретінін ескеру керек және кейде сөз семаларының нейтралдануы болады.

Мысалы, **«дауыстың ирек-ирек жаңғырықтары»** – бұл тіркесім құлаққа тосын тиеді. Бізге таныс, құлаққа сіңісті болып кеткен жаңғырып естілу, қатты жаңғыру сияқты тіркесімдерден ирек-ирек жаңғырықтың астарында физикалық заңдылық бары байқалып, жаңғырықтың физикалық суретін, сөзбен салынған бейнесін көргендей әсер қалдырады. Келесі сөйлем осы ойды дәлелдей түседі: «Кеңістіктің бір бұрышында ірілі-ұсақ 150 миллиард жұлдыз, планетасы бар біздің Галактиканы дыбыс, сәуле толқындары ерсілі-қарсылы тынымсыз турағыштап жатыр». Біздің танымымызда дыбыс толқыны тіркесімі бар, бойымыз үйренген, сонымен бірге **әуе толқыны бар, толқын толқиды, сылдырайды, жарды соғады және көңіл толқиды; сәуле**

түседі, сәуле тура және **қиғаш түседі**, т.б., бірақ олардың ешқайсысы да Марат ұсынған сәуле, дыбыс толқынының турағыштығындай әсер бере алмайды. Ойға келе бермейтін тосын сурет, сондықтан тосырқаумен қабылданады. Сөздердің мағыналық құрылымынан сәйкессіздік сезіледі. Бұл сөздерді тіркестірген автор тағы да физика заңдылығына сүйенген және ғылыми мәтін мен көркем мәтін ерекшеліктерін түйістіре, бір арнаға сыйдыра отырып,




жаңа тіркесім құраудан тайсалмаған. Тағы бір ескерер жайт: «Сөйлеуші не жазушы сөз қолданғанда өзінің мақсатына қарай парадигмалық топтағы (темадағы) сөздердің біреуін алып қолданады» (Хасанов Ғ.). Яғни бір ортақ семаға негізделген сөздердің ішінен біреуін ғана алып, жұмсайды. Ол деректі семантикалық категорияға ие бола алатын сөз, нақтылаушы сема болып табылады, келтірілген мысалда ол сөз – **толқын**, ал коннотаттық маркерге – **дыбыс, сәуле толқындары** (семаға), қосымша семаға – **турағыштау** сөзі ие. Келтірілген мысалда негізгі ойды ұстаушы сөз яки семема осы қатардағы барлық сөздердің біріншісі, базасы болады. Ол – **толқын** сөзі.

Екіншіден, мектеп оқушысының сәуле, толқын туралы түсінігінің физикамен байланыстырыла суреттелуі мәтіншілік ақиқатты растай түседі. Мектеп оқушысын бала әлемінен тым алыстатпай, оның танымының бөлектігін көрсетеді. Көркем де шебер тілмен баяғының шешендерінше, билер дауына білек сыбана кіріскен ақсақалша сөйлетпейді. Сондықтан осындай тосын тіркесімдерді сөз нәрін, бояуын ұғына алмағандық деп емес, жазушы өзінің діттеміне қарай кейіпкерінің сөйлеу әдебін осылайша қалыптастырған деп қабылдау жөн. Баланың танымын жеткізу үшін автор иттен қашқан бұзаудың қозғалыс траекториясын былайша суреттейді: «Иттен қорғана жүріп, сан қилы **ұзын-қысқалы хорда, катет, гипотенуза бойымен** қақпа сыртына қашып шығады да, Арыстанның адамгершілігінің аздығына, жалпы иттігіне кереметтей өкініштілігін ұзақ-ұзақ назалана мөңіреумен түсіндіреді» (М.Қабанбаев. Шығармалары. 2-т., 10-б.). Ал иттің қозғалыс траекториясы былай болып шыққан: «Арыстан ше? Ол, сөз жоқ, **көзім шалатын фокуста** мәнермен бүлкілдей желіп бара жатады» (Сонда, 10-б.). Тіл білімінің терминдерін бала ұғымын жеткізуде пайдаланған автор мынадай тосын тіркесімдерді қолданады: «Ми қабаттарымның сай-жүлгелеріне бұғып қалған «көз жасы», «жылау» тәрізді **зат есім, тұйық етістіктерді** үркітпек оймен қарды қауып-қауып алдым да, «Шыңғысхан» кітабындағы (авторы Ян, атын білмедім) қатыгез қаһан шешесінің атын ойша іздестіре бастадым» (сонда, 36-б.); «Шыңғысханның шешесінің аты түгіл, Шыңғысханның шешесі деген **күрделі анықтауышты** таппай қапа болдым» (Сонда, 36-б.). Сол сияқты повестің өн бойында басқа сала терминдері

ұшырасады, олар ерекше тіркесімдер құрамында тұрып, белгілі бір қызметтер тапқан: «Бірақ жаңағы дыбыстар бөлмедегі **ауаның атомдарын** бұзып-жара, маманның құлағына жетіп үлгіргенше, неге екені белгісіз, кереметтің күшімен мысық мияуына, иттің үргеніне айналып кетеді» (сонда,14-б.). Бір кейіпкердің жан-дүниесін екінші кейіпкердің түсіне алмауы ауа атомдарының оңайлықпен бұзылып, жарылмауымен селбестірілген. Шынында да атом (дыбыс) әлденеше бөлшектерге бөлініп, мәнін, маңызын жоғалтып үлгіреді. Бұл – бала танымы. Сондықтан да М.Қабанбаев көркем образды жасауда білім мен ғылым тілін сабақтастықта алып кәдеге жаратады Бұл бір тыныс ішінде ғана кездесетін тосын тіркесімдер. Повестегі күшті позициялы қайырымдар әртүрлі сөйлемдерден құралған. Негізінен жай сөйлемдер, олардың ішінде сұраулы сөйлемдер кездеседі, семантикасы әртүрлі, себебі олардың бәрі тек таза сұраулық мәнді ғана білдірмейді. Мысалы: «Масқара, мысық суреті ме?» – сұраулы сөйлемнен гөрі **таң қалуды** (2-тыныс); «Көкем қалайша бухгалтер болған?» – (3-тыныс) – **налуды**; «Көкем әуенге, әлде әуен көкеме айналды ма?» – **түсінбеушілік**, сұраудың **жауабын** жанталаса **іздеуді** (4-тыныс); «Қорлығын өткізген қисық көз маған қалай ұнады?» – өзіне-өзі **сенбей қалуды** (6-тыныс); «Басқа не шара?» (8-тыныс) – **амалсыздықты**; «Мен теледидар программасына қалай айналдым?» (10-тыныс) – **түсінбеушілікті**; «Шыңғысханға не жорық?» (11-тыныс) – **таңдануды** білдіреді.

Сондай-ақ, «Күшік жұтқан Шыңғысхан» сияқты сөйлем осы тараушаны әрі қарай оқуға шақырып, қызықтыра түседі. «Бір күні мектептен келе жатсам...» – аяқталмаған сөйлем, бірақ инерциясы жоғары, әрі қарай ой бары, айтылатын хабары бар сезіліп тұрады. Дегенмен бұл эллипсистенген сөйлем емес. Сондай-ақ, оқиғаның кезегін, ретін, өрбуін білдіретін: «Жілік – Арыстан – шана – Шыңғысхан» сынды сөйлемдер бар. Бұл сөйлем түрлері туралы синтаксис саласы мамандарының талдауларын кездестірмегенімізді айту керек. Мүмкін дискурске, функционалды синтаксиске тереңдеген кезде осы сынды сөйлем түрлерінің ерекшелігін ашатын талдаулар дүниеге келер. Мұндай сөйлемдер оқырман санасында сөйлемнен гөрі кино кадрлары сияқты, суретті-образды ассоциация тудырады әрі драмалық шығармалар мен кино сценарийлеріне етене тән сөйлемдер, әр сөз бір мәтіннің қызметін атқарып тұр-

ғандай әсер береді.



Лепті сөйлемдер де бар: *Жер шарындағы, көршілер арасындағы бейбітшілік жасасын!* – юмор ма, баланың жай ойын үшін айта салған сөзі ме, шын сенімі ме, белгісіз. Леппен айтылатын ұран тәріздес болса да, мәні бөлек. Мәнін түсіну үшін баланың танымы, тыныс-тіршілігі, сол бала өмір сүрген кезеңнің жағдаяттарынан хабардар болу керек. Бастысы, сол кезеңде өмір сүрген балаға айналу керек. Міне, балалар жазушысы болудың қиындығы осындай бала-кейіпкердің аузына сөз салғанда сезіледі және автор эрудициясы жоғары, қабілет-қарымы мол, танымы терең болса да, бәрін бірдей бала-кейіпкерінің бір басына үйіп-төге салмайтыны түсінікті.

Шынында да, «жүйе – мәтін» бағыты мен «мәтін – жүйе» бағыты бойынша сөз мағыналарын талдау – сөздердің бір-бірімен байланысу мүмкіндігін айқындауға әсер етеді. Талдау түрлерінің ішінде диструбитивтік талдау сөздің өзін зерттеуден, мағынасын зерделеуден басталады. Повестегі осы сынды диструбитивтік талдауға сұранып тұрған мәнді сөздер – негізгі ойды білдіретін тірек сөздер. Мәтіндегі түпқазық ойды, яғни адалдық, ар-ождан, ұят сияқты моральдық категорияларды дәріптеуге құралған повестің өн бойында басты кейіпкердің сөздерімен елеусіз ғана осы тірек сөздер желісі тартылып отырады. Кейіпкер баланың өтірік айтуды, өтірік сөйлеуді ар санайтыны, ұрлап кітап оқудың өзін қылмыс санайтын тазалығы мына бір сөзінен көрінеді және бала сөзі повестегі адалдық, шындық кредоларын айқындайды: «Мың бір түнде» ұрының қолын патшалар шауып тастағанын айтайын дедім де, кітапты көкемнің сөресінен **ұрлап оқығаным** есіме түсіп, *едәуір ыңғайсызданып қалдым*» (сонда, 29-б.).

Сөз бен тілдік бірліктердің семантикасына сүйенетін мәтін ішінде тілдегі ең кіші бөлшектер де, атап айтқанда, қосымша морфемалар, көмекші сөздер, тыныс белгілері, абзац, т.б. семантикаланады. Мысалы, «Шет жақтан ит ұлып қоя берді. Ішін тартып, тап өші қалғандай

төбе құйқаны шымырлата сұңқылдап әуелетеді-**ай** келіп» (3-том, Жеңеше, 60-б.) деген сөйлемдегі -ай демеулік шылауы бірнеше мәнді білдіріп, оқиғаның дүркіндігін, үзіліссіздігін, ұзақтығын көрсетіп, семантикасы барынша күшейген. Бұл сөз мағынасы тек контексте, мәтін ішінде ғана нақтыланады деген пікірдің дұрыстығын көрсетеді. Осы сияқты сөз секілді өзге мәтін бөлшектерінің мағынасы да мәтін ауқымында нақтыланатынын аңғару қиын емес.

Жазушының шығармашылығы, ол кейіптеген образдар, тақырып, идеяның өміршеңдігі жазушының тіліне тәуелді, сондықтан жазушы тілінің иірімдерін, оның мәтін арқылы жеткізетін көкейіндегі мақсатын оқырман түсініп оқығаны абзал. Өміршеңдіктің ғұмырын ретімен дұрыс қолданысқа түсірілген тілдік бірліктер, үйлесімді қолданыстар, окказионалдар арттырады. Жазушы бір тілдің табиғатын терең таныған сайын тілдік бірліктердің өз орнын табуы, дұрыс қолданылу мүмкіндігі артады.

Жазушы танымы – шығармашылық иесі үшін баға жетпес дүние, өзгелерден озық ой айтуы, шебер сөйлеуі, сөздің дәмін сезінуі оның стильдік ерекшелігін тудырады. Әрбір көркем шығарма туралы сөз болғанда стиль даралығының алдыңғы кезекке шығатыны осы себептен. М.Қабанбаевтың сөз саптаудағы даралығын оның ғылым тілін көркем шығармадағы тосын сурет, образдарды тудырудағы талпынысымен сабақтастыруға болады. Айталық, «Қос ішекте қатарласа қалғып отыратын **дыбыстар** әудежар қылтаяқ тиіп кетсе, **пыр-пыр ұша жоғары көтеріледі**. Бірақ жаңағы дыбыстар бөлмедегі **ауаның атомдарын** бұзып-жара, маманың құлағына жетіп үлгіргенше, неге екені белгісіз, кереметтің күшімен мысық мияуына, иттің үргеніне айналып кетеді» (сонда, 14-б.). Кез келген көркем мәтіннен *әуелете көтерілген сазды үнді, шарықтай, шырқырай көтерілген әуенді*, т.б. қолданыстарды кездестіруге болғанмен, **дыбыстардың пыр-пыр ұша жоғары көтерілуін** кездестіре қою қиын. Әрине, бұл жерде тағы да автордың бала танымын жеткізу парызы болғанын естен шығармаған абзал.

М.Қабанбаев кейде кейіпкер сөзінде, кейде автор сөзінде стандарт, клишелерді қолданып отырады: «**Татуласудың әліппесі** ретінде қашаға үйілген жоңышқа етегінде құмар қанғанша алыстық (сонда, 12-б.). Мараттың тілдік әлемін барша танымы, бүкіл болмыс-бітімі

тоғысқан тілі арқылы ғана тануға болады.

М.Қабанбаев та – О.Бөкейдің жерлесі, өр Алтайдан түлеп ұшқан талант. Оралхан да, Марат та өздері туып-өскен жердің әсем табиғатына ғашық. Екеуі де жылдың төрт мезгілі суреттеген. Мараттың жылдың төрт мезгіліне арнаған повесі «Туған жердің төрт мезгілі» деп аталады. «Қыс-қаңтар» тарауы «**...астары көк сәтенмен тысталған аспан**» фразасымен басталады. Тосын және ұтымды сурет. Көк сәтенмен тысталған аспан – қазақы түсініктегі қарапайым сурет, қандай көркем әрі нақты сурет! Ал автордың **күнді** суреттеуі тіпті бөлек, ерекше: «**Күн** күн бойы жалғыздан-жалғыз қанкөбелек ойнап жүреді де, айналып-айналып барып, **қаны басына шабады**, ақыры кешқұрым көкжиекке **қып-қызыл бетін басып, құлай кетеді**» (2-том, 54-б.) немесе «**Күн** иегін қалың қамысқа батырып, **кәк етіп қойған баладай, қып-қызыл боп, бартиып кетіпті**»; Есікті ашысымен **жарқылдап кеп құшақтап алған күн** кірпік сәулесін тіктеп көзіме қадады» (8-б. Бақбақ басы толған күн). **Кешті** суреттеуі де өзгеше шыққан: «Момақан **кеш қара шапанын үнсіз ғана жайлап асықпай киіп жатыр**» (Бақбақ басы толған күн, 46-б.); Қатты аяздан соң қатып қалған өзен суреті тіпті бөлек: «**Үсіп қалған қара жылан** ақшаңқан **қар үстінде қатып жатыр**. Бір сөзбен айтқанда Қарасу осы» (2-т., 72-б.) – автор даралығын көрсететін тосын суреттер. Әрине, көркемдік тұрғысынан **кәк етіп қойған баладай бартиған күн** талғампаз көптің көңілінен шықпауы да мүмкін, бірақ бала тілімен жеткізілген суреттің қайталанбастығын мойындау да керек. Өйткені баланың сөз әдебін жеткізу үшін жазушы барынша талпынған. М.Қабанбаевтың көркем мәтіндерінде нағыз бала түсінігін білдіретін бір-біріне ат қоюдың үлгілері жеткілікті, мысалы, «**Неге плюс сұрақ белгісі**» – бас кейіпкерге екінші баланың таңған лақапаты.

Мәтін құраушы күшті позициялы фактордың бірі – автордың идеялық-эстетикалық позициясы. Марат бұл тұрғыда бала танымын, түсінігін суреттеуде эстетикалық позициясы бөлек шығармашылық тұлға деуге болады. Жоғарыда келтірілген мысалдар осы ойымызды дәлелдей түседі. Жазушы шығармаларының формасына оның мазмұны ғана емес, бала кейіпкерлердің тілімен жеткізген өмірлік позициясы, ұстанымы да үйлеседі.

Ендеше бала танымын баланың ойлау өрісіне сай тілмен сөйлетіп, балаларға арналған шығарманы дүниеге әкелген адам көптің бірі емес, белгілі М.Қабанбаев атты шығармашылық тұлға болса, мәтінді талдау, мәтіннің мәнін зерделеу, оны тілдік тұрғыдан таныту – қажет мәселе. Мәселе ғана емес, ұлттық мүдде тұрғысынан қарағанда міндет деген дұрыс. Өйткені, әрбір шығармашылық тұлға – халықтың рухы. Бала кейіпкері «Адамдармен татуласа берсең, түптің түбінде кемеңгерге айналуың да мүмкін» деп ой тастайтын М.Қабанбаевтың балаларға арнап жазған әрбір повесі сіз бен біз байқаусызда бастан өткізіп алған бала-рух, баланың макрообразы немесе эйдос деуге болатын шығармалар.

Бағдан МОМЫНОВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор